Профессор Қ.К.Айтхожин ғылыми – зерттеу сласындағы белсенді әрі табысты қызметі үшін Қазақстан Республикасының ғылымына сіңірген еңбегі үшін төс белгісімен екі рет және халқымыздың ұлы ағартушы – педагогы Ы.Алтынсарин медалымен марапатталды. Оның ғылыми жетекшілігімен заң ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін алты диссертация, заң ғылымының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін 20 – диссертация қорғалды. Қазіргі таңда проессор Қ.К.Айтхожин Қырғыз мемлекеттік заң академиясының жанындағы кандидаттық және докторлық диссертацияларды қоғау жөніндегі кеңестің мүшесі, яғни кандидаттық және докторлық диссертациялар бойынша ізденушілердің ресми оппоненті ретінде Қырғыз елінде де белсенді жұмыс атқаруда. Сонымен бірге ол ғылыми басылымдардың шығуына, таралуына өзіндік үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Ол 2004 -2014 жылдар аралығында «Д.А.Қонаев университетінің жаршысы», «Қазақстандық халықаралық құқық» журналының бас редакторы, 2004 – 2007 жылдары «Диалог» журналы бас редакторының орынбасары қызметтерін қоғамдық негізде атқарды. Қазіргі таңда ол «Д.А.Қонаев университетінің жаршысы» журналының ақылдастар алқасының мүшесі. Профессор Қ.К.Айтхожин ұзақ жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан өз ұжымының, әріптестерінің, студенттер мен магистранттардың алдында үлкен беделге ие болған тұлға. Олармен қарым – қатынаста өзінің қарапайымдылығымен, парасаттылығымен, адамдармен тіл табыса білуімен т,б. үлгі – өнегелік қасиеттерімен ерекшеленеді. Ол еліміздегі қоғамдық – саяси ұйымдардың қызметіне де белсенді араласады, яғни «Бірлік» саяси партисы Саяи кеңесінің мүшесі, Қазақстан діни

еркіндіктер бірлестігінің вице – президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми – сараптама тобының мүшесі.

Профессор Қ.К.Айтхожиннің көп жылғы қажырлы еңбегі мен білікті заңгер кадрлады даярлаудағы қомақты үлесі үшін және белсенді қоғамдық – саяси қызметі ескеріліп, ол «ҚР -сы Конституциясына жыл 10» медалымен, Президенттің алғыс хатымен марапатталған. Ол сонымен қатар Президент әкімшілігі, Парламент, Конституциялық кеңес, Жоғарғы сот және басқа да мемлекеттік органдардың сондай – ақ, БҰҰ,Европалық Қауіпсідік кеңесі сияқты халықаралық ұйымдардың тарапынан сарапшы маман ретінде жиі шақырылады. Ол БҰҰ -ның Қазақстан Республикасы бойынша адам құқығы басқармасының кеңесшісі болып саналады.

Профессор Қ.К.Айтхожиннің жетекшілігімен Д.А.Қонаев университетінің Конституциялық, халықаралық және кеден ісі кафедрасында «Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының өзекті мәселелері» тақырыбында жаңа іргелі ғылыми зерттеу қалыптасып, ол өзінің жалғасын табуда. Осы мақсатта магистранттарды мелекеттік – құқықтық мамандық бойынша даярлаудағы олардың білімдерін тереңдету жөнінде ғылыми және әдістемелік тұрғыда бірқатар жұмыстар атқарылды. Осы тұрғыда оның мемлекттік органдарда, кәсіпкерлік құрылымдарда қызмет ететін шәкірттері ұсынылған ғылыми доктриналарды өздерінің нормашығармашылық және құқық қолдану саласында сәтті қолданып жүр. Профессор Қ.К.Айтхожиннің еңбектеріндегі тұжырымдалған ғылыми қағидаларды жоғарғы заңгерлік оқу орындарында оқытылатын «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы»,»Шетелдердің конституциялық құқығы», «Қазақстан Республикасының парламенттік құқығы», Қазақстан Республикасының сайлау құқығы» пәндері арқылы профессолық – оқытушылар құрамы оларды қолданысқа енгізген. Сонымен бірге оның Конституциялық құқық саласындағы қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің негізінде оның жетекшілігімен қазақстандық қоғамның әлеуметтік жағынан түрлендіру конституциялық – құқықтық реттеушілік мәселелерді шешуде Конституцияның мемлекеттің негізгі заңы ретіндегі жаңа доктриналық бағыты жасалуда. Бұл ғылыми ізденістің негізгі мақсаты – заң ғылымы мен білімінің және құқық қолдану іс – тәжірибесінің арасындағы байланысты нығайтуды, заңгерлік мамандықтың беделін көтеруді, заңгерлерді заң мен құқықтың талаптарын бұлжытпай орындау рухында тәрбиелеуге, кәсіптік этика нормаларын сақтауға және азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Оның ұсынған теориялық ғылыми доктриналары қазіргі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік заң шығармашылық және құқық қолдану іс – тәжірибесінде нақты қолданысқа ие болып отыр. Сонымен бұл фактілер арқылы профессор Қ.К.Айтхожинды заң ғылымы жолында өзінің саналы өмірін сарп етіп келе жатқан және өзінің алдына қойған мақсат – міндеттерін адал әрі жоғары деңгейде атқарып жүрген тұлғалы азамат, өз саласының көрнекті ғалымы, әрі ұлағатты ұстаз деп бағалаймыз.

Байжанов Ербол Атымтаевич
З.ғ.м., академик З. Алдамжар атындағы
Қостанай әлеуметтік-техникалық
университетінің аға оқытушысы,
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ: ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОЙЛАРДЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Бұл жұмыс қылмыстық құқықтың институты қылмыстық жауаптылықты қарастыруды ұсынады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (әрі қарай - ҚР ҚК) «қылмыстық жауаптылық» термині жиі қолданылады, бірақ заң шығарушы оның мазмұнын анықтамайды. Сондықтан таңдалынған тақырып қазіргі таңда өте өзекті болып табылады.

Қылмыстық жауаптылық сипаты туралы бірнеше көзқарастар бар. Солардың үш негізгі ұстанымын бөліп көрсетуге болады.[5]

Біріншіден, қылмыстық жауаптылық – қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның қылмыстық заңға сәйкес, жасаған әрекеттеріне жауапты болу міндеті. Екіншіден, қылмыстық жауаптылық осы міндеттің іс жүзінде жүзеге асырылуын білдіреді, яғни нәижесінде қылмыстық-құқықтық норманың санкциясының орындалуын жүзеге асыру. Үшіншіден, соңғы жылдары қылмыстық жауаптылыққа оң көзқарас (оң қылмыстық жауаптылық деп аталады) заңды түрде негізделген жауаптылық ретінде қарастырылып, қылмыстық заңмен тыйым салынған қылмыстық іс әрекетті жасамау туралы тұлғаның хабардар болуын білдіруден көрініс табады.

Қылмыстық жауаптылық анықтамасын айқындауға осы тәсілдердің әрқайсысының өзі қылмыстық жауаптылықтың күрделі құбылыстарына тән мазмұнының ерекшеліктерін көрсететіндіктен, бұл анықтамалардың болуының заңды екенін бірден байқаймыз. Тек мұндай көзқарастардың мақсатты бағытын және олардың практикалық қолдану саласын дұрыс анықтау ғана маңызды. Қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаудың күрделі әлеуметтік және құқықтық салдары болып табылатын төрт элементті қамтиды: біріншіден, қылмыстық құқық нормаларына және қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы фактіден туындайтын тұлғаның өзінің іс әрекетіне байланысты мемлекет алдында оның уәкілетті органдарына жасалған іс-әрекеттері туралы есеп беруіне байланысты міндеттемесі негізінде; екіншіден, сот актісінде көрсетілген жасалған іс әрекеттің теріс бағалануы (соттау, қылмыс деп санау) және іс әрекетті жасаған адамның айыпталуы (оған кінә тағу); үшіншіден, кінәліге жаза тағайындау немесе қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шараларды қолдану; төртіншіден, соттылық тағайындалған жазаны өтеудің ерекше құқықтық салдары ретінде.

Қылмыстық жауаптылық - қылмыстық құқық бұзушылық жасаған

тұлғаға қылмыстық құқық нормаларын қолданудың салдары, бұл салдар кінәлі тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттің атынан сотталуы. [10]

Қылмыстық жауаптылық өзінің сипатына қарай кінәлі адамның іс әрекетін құқыққа қайшы деп танып мемлекеттік мәжбүрлеуі болып табылады. Мазмұнына қарай қылмыстық жауаптылық үш түрден (формалардан) тұруы мүмкін. Ең алдымен, бұл қылмыстық жауаптылық тұрады: кінәлі тұлғаны айыптау үкімінде жасаған іс әрекеті үшін кінәләудән; үкім бойынша жаза тағайындаудан және соттылықтан. Сонымен қатар, қылмыстық жауаптылық соттың айыптау үкімі мен шартты түрде соттаудан тұруы мүмкін. Өз нысанында қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне дәлме дәл және қылмыстық процестің белгіленген тәртібіне сәйкес қатаң түрде тек қана сотпен анықталады. Жазаларды орындау Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексіне (әрі қарай - ҚР ҚАК) сәйкес жүзеге асырылады. [15]

Мұның барлығы қылмыстық жауаптылықты анықтау мен жүзеге асырудағы заңдылықты қатаң сақтауды қамтамасыз етуге арналған. Демек, қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқықтық қатынастар шегінде, ал егер жаза тағайындалатын болса, сонымен қатар қылмыстық-атқарушылық қатынастар шегінде. Қылмыстық жауаптылықтың материалдық негізі құқықтық факт болып табылады –қоғамға қауіпті, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен жаза тағайындау қаупімен тыйым салынған іс әрекетті жасау. Мәселенің зерттелгендік жағдайын сипаттай отырып, қылмыстық жауаптылық саласындағы көптеген ғылыми жұмыстарға қарамастан, қосымша зерттеуді талап ететін өте маңызды мәселелер бар: мысалы, қылмыстық жауаптылықтың анықтамасы, оның ерекшеліктері, жүзеге асырылуы және негіздері.

Осы тақырыптардың кейбір аспектілері, көптеген авторлардың шығармаларында көрініс тапқанымен, ары қарай тереңірек зерттеуді қажет етеді. Осы жұмыста зерттелетін мәселе бойынша әр түрлі көзқарастар қарастырылып, қорытындылар жасалды. Осы жұмыс қылмыстық жауаптылық мәселелерін жан-жақты, кешенді зерттеу әрекеттерінің бірі болып табылады.

Қылмыстық жауаптылық формасы туралы тұжырымдаманы анықтаған кезде қылмыстық жауаптылықтың тұжырымдамасын ескеру қажет, ол құрастырылатын тұжырымдаманың көлемін біршама қысқартады. Қылмыстық жауаптылық тұжырымдамасына келер болсақ, бүгінгі таңда кең ауқымды пікірлер бар, бұл қажетті тұжырымдаманы белгілеуде қосымша қиындықтар тудыратыны белгілі.

Осы мәселе бойынша тұжырымдаманы анықтау үшін қылмыстық жауаптылықтың қылмыстық құқықпен шектеу ретінде қарастыру керек, бұл іс әрекетті теріс бағалау нәтижесінде қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қатысты сот тағайындаған жеке құқықтар мен бостандықтарды шектеу мен айыру, бұл тек өзіміздің пікіріміз бойынша ғана.

Қылмыстық жауаптылық - бұл қоғамдық қауіпті адамдардың әрекеттерінің және әрекетсіздігінің жай-күйін бағалау құралы, оларға өздерінің органдары мен лауазымды тұлғалары арқылы ресми түрде жауап беру тәсілі. Ол белгілі бір қылмысты жасауға кінәлі нақты тұлғаларды және басқа құқық бұзушыларға, қоғамның барлық заңды тұлғаларына қатысты алдын-алу әсерін белсенді түрде әсер ету әдісі ретінде қолданылады.

Жұмыстың қолданбалы құндылығы - диссертациядағы тұжырымдар мен ұсыныстары қылмыстық құқық және процесс кафедрасында оқу үдірісінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу обьектісі мен пәні. Зерттеу обьектісі қылмыстық жауаптылық институты, сондай-ақ оны жүзеге асыру нысандары болып табылады.

Зерттеудің пәні - қылмыстық жауаптылықтың ұғымы оны жүзеге асыру сұрақтарын реттейтін қылмыстық, қылмыстық атқарушы және басқа да заңдар және қылмыстық жауаптылыққа байланысты ғылыми ойлардың даму болашағы болып табылады.

Зерттеудің мақсаты қылмыстық жауаптылықтың анықтамасын айқындау, оның негіздерін нақты ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- қылмыстық жауаптылық анықтамасы бойынша әртүрлі көзқарастарды қарастырып, айқын және толық анықтаманы қалыптастыру;

- қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктерін анықтау;

- «Қылмыстық жауаптылық», «қылмыстық жауаптылықтан босату», «жаза» сияқты ұғымдарды ажырату;

- қаралып отырған салада қылмыстық заңнаманы талдау;

- қылмыс жасау сатыларына байланысты туындайтын қылмыстық жауаптылық мәселелерін қарастыру. [18]

Жұмыстың әдіснамалық негізін жалпы ғылыми және жеке ғылыми танымдық әдістер құрайды. Жалпы ғылыми болып талдау, синтез, тарихи және жүйелік әдістер. Жеке ғылыми арасында формальды- құқықтық және құжаттық пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық негізін қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, әкімшілік, криминология, әлеуметтану және ғылымның басқа салалары бойынша ғылыми жұмыстар құрады.

Зерттеу жұмысының нормативтік негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасы, КСРО мен Одақтық республикалардың 1924 жылғы қылмыстық заңнамасының негізгі принциптері, 1958 жылғы КСРО және Одақ республикаларының қылмыстық заңнамасының негіздері болды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қылмыстық жауаптылыққа байланысты ғылыми ойлардың болашағын қолданыстағы қылмыстық заң бойынша жан-жақты зерттеу жүргізуге әрекет жасалуында. [5]

1922 жылғы Қылмыстық кодексте «қылмыстық жауаптылық» термин де қолданылмады. Ол «жазалау және басқа да әлеуметтік қорғау шараларымен» ғана байланысты. 1926 жылғы Қылмыстық кодексінде «қылмыстық

жауаптылық» термині кеңінен қолданылды, бірақ кейде әлеуметтік қорғау мен жазалау дәрежесіне теңестірілді. 1958 жылғы КСРО мен одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздерінде «қылмыстық жауаптылық» және «жазалау» терминдерінің анық белгіленуі белгіленді. Негіздердің 3-і бабында: «Қылмыс жасағаны үшін кінәлі тұлға қылмыстық жауаптылық пен жазаға тартылады» деп анықталды. Қарастырылатын тұжырымдама КСРО-ның барлық Одақтық республикаларының қылмыстық кодексінде жазылған. Кеңес әдебиетінде қылмыстық жауаптылықтың анықтамалары берілген. Мәселен, В.Г. Беляев «қылмыстық жауаптылық - бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың салдары болып табылады, оған байланысты субъектінің құқықтық жағдайы әлеуметтік қауіпті, кінәлі және жазаланатын тұлғаның құқықтық жағдайына айналады». [8]

Қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқықтың негізгі дәрежесінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, қылмыстық жауаптылық мақсаттары мен оның мәні Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде айқындалмаған, ал қылмыстық жазаның мақсаты мәні анық көрсетілген. КСРО мен кейбір Одақтас республикалардың бұрынғы қылмыстық заңдарында осындай анықтамалар да болған емес. Бірақ кейбір кеңес уақытындағы заңгер мамандар қылмыстық жауаптылықтың дәл анықтамасын беруге тырысты. [9]

Б.В. Волженкиннің анықтамасына сәйкес, қылмыстық жауаптылық «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның заңмен белгіленген тәртіпте жауап беру міндеті, мәжбүрлеу шараларына бағынуға, яғни оларды мемлекет осындай қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қолдануға құқықты» болып табылады. Дегенмен, жауаптылық анықтамасын «әрекетіне, ісіне жауап беру міндеті» ретінде түсіндіріліп анықталмайды. В.Г.Смирнов қылмыстық жауаптылық - бұл тұлғаның осы жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін қоғамдық қаупінің дәрежесі мен сипаты бойынша өлшенетін қоғамның және мемлекеттің талаптары.

Оның пікірінше, қылмыстық жауаптылық бұл «субъектінің әлеуметтік қауіпті әрекетін айыптау және ол келтірген зиянның орнын толтыру қажеттілігі» болып табылады, ал жазалау - бұл тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залал үшін қоғам мен мемлекет алдындағы жауаптылығының нақты көрінісі, қылмыспен туындаған моральдық зиянды өтеу. Мұнда осы ғалымның көзқарастарын сынау туралы пікірлерге тоқтамас бұрын. Жауаптылықты, тек зиянды өтеу және оның орнын толтыру ретінде қарастыру қылмыстық құқықтың міндеті емес, азаматтық құқықтың міндеті. Құқықтың міндеті - құқық бұзушылықпен күресу, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. Я М. Брайнин «Кеңес заңы бойынша қылмыстық жауаптылық - бұл қылмыс жасаған тұлғаның қылмыстық заңның нормаларына негізделген міндеті, егерде кінәлі тұлғаның іс әрекетінде қылмыстық заңмен қарастырылған норманың қылмыс құрамы болған жағдайда» [3].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде қылмыстық жауаптылықтың анықтамасын былай деп беруге болады. Қылмыстық жауаптылық - бұл қылмыстық заңмен көзделген және мемлекеттік мәжбүрлеу аясында жүзеге асатын қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқықтық мәртебесін қыспақтау. Бұл қыспақтау заңмен талап етілетін, тұлғаның өз еркіне қарамастан мемлекеттің мүддесіне бағынатын кінәлі тұлғаның құқығын, бостандығы мен жеке мүддесін және тұлғаның мінез-құлқын жүзеге асыру жағдайын қатаңдатудан көрініс табады.

Құқықтық қатынастардың бір элементі бола отыра, қылмыстық жауаптылық өте маңызды және айырықша функцияны орындайды. Нақты қылмыстық-құқықтық жауаптылық бұл қажет етуші қылмыстық-құқықтық қарым қатынастың тамыры ретінде, сол арқылы бір бағыт бойынша іс әрекеттің қоғамдық қауіптілігі және қылмыскердің тұлғасы жазаланатын зарядтың көлемі мен сипатына айналады; ал басқа бағытта тек қылмыстық жауаптылықтың аясында, кінәлі адамды соттаудың сөзсіз салдары болып табылатын құқықтық мәртебесінің нақты өзгеруі болады. Басқаша айтқанда, «генетикалық» қылмыстық жауаптылық нақты қылмыстық құқық бұзушылық әрекетке байланысты; кінәлінің құқықтық мәртебесіне ықпал ету мақсатында оған функционалды бағытталған; мазмұнына қарай ол қылмыскерді соттаудан және жазалаудан (қажет болған жағдайда) ажыратылмайды. Бұл тұрғыда қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды соттаған сәттен бастап пайда болады деген пікірмен келісу мүмкін емес. Осы сәттен бастап, қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың ең серпінді және маңызды түрі, ауытқитын қарым-қатынас жойылғанша, оның мазмұны (заңды сипаты) болып табылатындығын айту дұрыс болар еді.

Қылмыстық жауаптылық туындайды сот үкімі шығарылған сот отырысында емес, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытта қылмыстық оқиға болған жерде. Қылмыстық жауаптылықты туындату, қисынсыз сияқты болғанмен судьяға тиісті емес, бұл заңды бұзған кезде және оның кепіліне айналатын қылмыскерге тәуелді. Мазмұны бойынша қылмыстық жауаптылық қылмыстық-құқықтық реттеу тетігінің бір бөлігі болып табылатын құқықтық қатынастардың бір түрі болып табылады. Құқықтық қатынас ретінде қылмыстық жауаптылық, ең алдымен, оның мазмұнын анықтайды және мәні бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның соттылығымен (және жаза) көрініс табады және осыған байланысты жеке немесе мүліктік сипатынан айыруға байланысты заңды міндеттемесін орындауға мәжбүрлейді: құқықтық мәртебесін шектеу, осыған байланысты оның құқықтары мен міндеттерінің үйлесімінде өзіндік қайта қарастырылу орыналады. Бұл жағдайда міндеттер басым түседі, ал бағынышты (қолайсыз) жағдайда орын алады оның құқықтары.

Мұны былай түсіндіруге болады қылмыстық құқық бұзушылық жасау арқылы, қылмыскер қылмыстық-құқықтық норманы қозғайды, бұл оның құқықтық міндеттеріне бағытталған - құқықтық мәртебесінің өзгеруін дұрыс

қабылдап, жәбірленушінің оның заңсыз іс әрекеті арқасында бұзылған заңды құқықтарын, жазалану және қалпына келтіру арқылы өткеру болып табылады. Тек осы тұрғыда ғана жауаптылық мінез-құлықтың ішкі реттеушісі болып табылатындығын әділ деп санай аламыз.

Отандық қылмыстық құқық тарихында қылмыстық жауаптылықтың негізі әр түрлі жолдармен шешілген. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылықтың негізі ретінде ұсынылды: қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның және іс әрекеттің өзінің қоғамға қауіптілігін; сотта айыптауға жататын жағдайлар, оның мемлекеттің атынан теріс бағалануы және кінәлінің қылмыстық жауаптылығын талап ететін қылмыстық іс; қылмыстың құрамы, қылмыстың құқықтық белгілерінің жиынтығы ретінде; қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісі; қылмыстық заңда белгіленген қылмыстың элементтерін қамтитын іс әрекет.

Атап өту керек, 1958 жылға дейін шығарылған нормативтік-құқықтық актілердің ешқайсысында қылмыстық жауаптылықтың негізі шешілмеген. Ресейдің қылмыстық құқығының 1919 жылғы Жетекші және Қылмыстық кодекстің 1922 жылғы бастамасының мазмұнына сүйене отырып, қылмыстық жауаптылықтың негізіне қылмыскердің және оның жасаған іс әрекетінің қоғамға қауіптілігі негіз болды. 1924 жылғы КСРО мен Одақ республикаларының қылмыстық заңнамасының негізгі қағидаларына және 1922 жылғы Қылмыстық кодекстің 1926 жылғы редакциясына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық негіздері мен шектері тек адамның әлеуметтік қауіп-қатеріне және қылмыстық іс әрекетіне ғана емес, сонымен қатар оның қылмыстық ортамен байланысы болғандығы ескерілді. Соңғы жағдай әлеуметтік қорғау шараларын қолдану үшін өзіндік негіз болды.

Заңнамалық деңгейде алғаш рет қылмыстық жауаптылық туралы мәселе КСРО мен 1958 жылғы Одақтас республикалардың Қылмыстық құқық негіздерінде реттелді. Кейінірек, 1960 жылы Қылмыстық кодексте көрсетілген. Осы актілердегі тиісті баптарда жазылды: «Тек қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі адам қылмыстық жауаптылық пен жазалау ғана тартылады, яғни қасақана немесе абайсызда қылмыстық заңмен белгіленген қоғамға қауіпті іс әрекетті жасауы бойынша». КСРО мен Одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздерінде көрсетілді, «қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі адам қылмыстық жауаптылыққа және жазаға тартылады, егерде қасақана не болмаса абайсыздықпен, қылмыстық заңмен көзделген қоғамға қауіпті іс әрекетті жасағаны үшін жауап береді» деп.

Соңғы жылдары ғалымдар да және тәжірибелі заңгерлер де қылмыстық жауаптылық ұғымына және оны жүзеге асыру нысандарына қатысты мәселелерге көбірек назар аударуда. Бұл түсінікті, өйткені қылмыстық жауаптылық қылмыстық заңның ең күрделі институттарының бірі болып табылады. Бұл кездейсоқтық емес, осы мәселелер бойынша пікірталастар көптеген жылдар бойы жалғасып келеді.

Қылмыстық жауаптылықты үш аспектілері бойынша айтуға болады:

- заңда белгіленген кезде;

-қылмыстық жауаптылық пайда болған кезде;

- оны жүзеге асыру туралы.

Қылмыстық кодекстің 1 бабына сәйкес қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұл дегеніміз, заң шығарушы қандай да бір құқыққа қайшы іс әрекет жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін белгілі бір қылмыстық-құқықтық тыйым салу нормасының бар болуы дегенді білдіреді. Қылмыстық заңмен көзделген жауаптылық абстрактілі сипатқа ие: шын жауптылықты тудыратын құқықтық фактіні немесе белгілі нақты адамға бағытталған емес. Шындығында ол тыйым салу туралы жалпы ескерту болып табылады, бұл тыйымды бұзған адам қылмыстық заңның аясында болатындығын хабарлайды. [21]

Қылмыстық жауаптылықтың пайда болуы белгілі бір адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісімен байланысты. Бұл кезде мемлекет пен оның арасындағы қылмыстық-құқықтық қатынас пен қылмыстық жауаптылық туындайды. Кінәлі қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін оның бірден-бір элементі - қылмыскердің мемлекет алдында, қылмыстық-құқықтық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өткеруге міндеттемесі болуы.

Қорытындылай келе келесі тұжырымдама шығаруға болады: қазіргі қылмыстық құқық, қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың әртүрлі нысандарын қарастырады, жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін және оларды жасаған адамдардың мінез-құқлқын ескере отырып, оны дифференциалау және жекелендіру үшін елеулі құқықтық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Қолданыстағы қылмыстық кодексте ешқандай қылмыстық құқық бұзушылықтың сатысы туралы анықтама берілмеген. Қылмыстық кодекстің 24 бабында «Қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталудың» түсінігі берілген, сонымен қатар ҚР ҚК 25-бабында «Аяқталған қылмыс» мұнда да қылмыстық құқық бұзушылықтың сатысына байланысты анықтаманы байқамаймыз, бірақ осы сатыларға байланысты түсініктер келтірілген. Алайда, қылмыстық құқық теориясында олар ерекшеленіп егжей-тегжейлі зерделенген. Қылмыстық құқық бұзушылықты кезеңдерге бөліп алу аяқталмаған іс-әрекеттің екі түрінің мәнін жақсы түсінуге мүмкіндік береді: біріншісі - дайындық , екіншісі- іс әрекет жасау, былайша айтқанда қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталу, сондай-ақ бірқатар қылмыстық-құқықтық мәселелерді шешуге көмегін тигізеді. Қылмыстың жасалу кезеңдері қылмыстың даму жолымен жүретін заңды кезеңдер.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу кезеңдері – бұл қылмыстың даму жолымен жүретін заңдық мәні бар кезеңдер.Заң шығарушыны әрқашан ойландыратын және қызығушылық танытатын мәселе, қылмыстық жауапкершілікті қай кезден бастап тағайындау керектігі.

Осы айтылғандарды қорытындылай келе, мына жағдайларды атап өтуге болады:

1) қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталу бұл тұлғаның бақылауынан тыс мән-жайларға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың орындалу кезеңінде тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тікелей бағытталған әрекет;

2) қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталу, қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындалудан қылмыстық әрекеттердің тоқтатылу сатысына, сондай-ақ іс-әрекеттердің (әрекетсіздік актілерінің) мазмұны бойынша: қылмыстық құқық бұзушылыққа дайындық әрекеттері (әрекетсіздігі), тек қана қылмыс жасауға жағдай жасайды, бірақ өздерімен - өздері зиян келтіре алмайды, қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталу кезінде жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік актілері) қоғамға қауіпті салдарларды қоспағанда, тиісті қылмыстық құқық бұзушылықтың объективті жағына енгізіледі және кедергі келтірілмеген жағдайда қылмыстық нәтижеге дейін әкелу мүмкіншілігі бар;

3) аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарағанда оқталуда қоғамдық қауіпті зардаптар болмайды;

4) қылмыстық құқық бұзушылыққа оқталуды аяқталған және аяқталмаған, жарамды және жарамсыз деп түрлерге бөлу заңда бекітілмеген және іс-әрекетін саралағанда әсер етпейді, себебі барлық жағдайларда бұл тұлғаның бақылауынан тыс мән-жайларға байланысты үзіліп қалған қылмыстық құқық бұзушылық;

5) ауыр және аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтарға дайындалуына қатысты жаза тағайындалатын болса, оқталуды жазалағанда оған қосылады орташа ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар, ал қылмыстық заңда оқталғаны үшін міндетті түрде жазаны жеңілдету көзделген, сонымен қатар өлім жазасы және өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Қылмыстық жауаптылық институты қылмыстық құқықта өте маңызды болып танылады, себебі оның көмегімен нақты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан туындайтын қорғанылатын құқықтық қатынастар жүзеге асырылады. Жалпы алғанда, жауаптылық өзіндік мазмұндық мағынада әртүрлі мәнде болып табылады, шын мәнінде ол мемлекет, қоғам және жәбірленуші тарапынан адамға жүктелген белгілі бір талаптарды орындауға міндетті. Қазіргі Қылмыстық кодексте де қылмыстық жауаптылық анықтамасы жоқ, ол тек қылмыстық жауаптылықтың негізін анықтайды.

Кейбіреулер қылмыстық жауаптылықты қылмыстық құқық бұзушы мен мемлекет арасында туындайтын құқықтық қатынас деп санайды. Олардың кейбіреулері бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасалуында туындайтын қылмыстық қатынастың ең жауапты немесе оның бір бөлігі деп санамайды, бұл қылмыстық құқықтық қатынастар, қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісімен бір мезгілде пайда болып қылмыстық жауаптылыққа айналмайды деп болжайды. Осы көзқарастардың ешқайсысы заңсыз деп танылуы мүмкін

емес, бірақ олардың бірде-біреуі қылмыстық жауаптылықтың толық сипаттамасын бермейді. Сондықтан, соңғы жылдары қылмыстық жауаптылықтың бірнеше ерекшеліктермен немесе бірнеше құрамдас бөліктермен сипатталатын күрделі құрылымдылық туынды ретінде қалыптастыру көзқарасы көбірек таралуда. Бұл қылмыстық жауаптылықты түсінудің ең дұрыс жолы болып табылады. [23]

Жоғарыда айтылғандар қылмыстық жауаптылықты Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінде белгіленген іс әрекеттерге байланысты, қылмыстық-процессуалдық және қылмыстық-атқару заңдарында көзделген ықпал ету шараларын қолдануға байланысты, осы іс әрекетті жасаған адамның міндеттемесі ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Ең толық болуы мүмкін келесі анықтама: қылмыстық жауапылық шара және мемлекеттің мәжбүрлеу әдісі ретінде - барлық объективті және субъективті белгілерді қамтитын қылмыстық іс әрекетті жасаған адамға қатысты, бұл әрекетті қоғамдық қауіпті деп сипаттайтын нормаға байланысты қылмыстық әсер ету және жазалаудан тұрады

Қылмыстық жауаптылық тек қылмыстық-құқықтық қатынастар шеңберінде ғана туындап жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл барлық ғалымдармен танылады. Қылмыстық жауаптылықтың құқықтық негізі - бұл осы жауаптылыққа әкеліп соғатын іс әрекетті анықтау. Қылмыстық кодекстің 4-бабында қылмыстық жауаптылықтың негізі анықталған онда, «қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады» делінген.

Сонымен, қылмыс құрамы болмаған кездегі қоғамға қауіптілікте, қоғамға қауіпті емес іс әрекетте қылмыстың құрамының барлық белгілерінің формальды түрде болуы да, қылмыстық жауаптылықтың негізі ретінде қарастырылмайды. Мұндай негізге қылмыстық-құқықтық түсінуде объективті тұрғыдан қоғамға қауіпті болатын іс әрекетте қылмыстың құрамының барлық белгілерінің болуы ғана танылады.

Қылмыстық жауаптылықтың заты - қылмыстық ықпал ету мен жазалау шаралары, олар жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін мемлекеттік мәжбүрлеу ретінде қолданылады. Қылмыстық жауаптылықтың міндеті қоғамдық қатынастарды қорғау, нақты объектілерді қол сұғушылықтан қорғау болып табылады, бұл қылмыстық заңнамада қылмыстық-құқықтық тыйым салулардың тиісті объектілерін құру жолымен жүзеге асырылады. Қылмыстық жауаптылықтың мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу. Қылмыстық жауаптылықтың негізгі қағидаттары, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, заңдылық, кінәлі жауаптылық, ізгілік. Қылмыстық жауаптылықтың қосымша арнайы қағидалары – жазадан құтылмаушылық, мақсаттылық, негізділік, кінәсіздік презумпциясы.

Негізінде, қылмыстық жауаптылықтың қағидалары қылмыстық құқықтың қағидаларына сәйкес келеді, мұны дұрыс деп тануымыз керек. Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру әртүрлі түрде жүзеге асырылады

және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды мәжбүрлеуге байланысты. Мұндай ықпал адамның белгілі бір құқықтары мен бостандықтарын ішінара немесе толықтай айыруынан, сондай-ақ оның құқықтық мәртебесінің шектеулілігінен көрінеді. Қылмыстық жауаптылық анықтамасын заңнамалық тұрғыда бекіту және оны жүзеге асыру формалары қылмыстық саясатты тиімдірек қалыптастыруға және құқық қолдану тәжірибесін енгізуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық жауаптылық қылмыстық іс әрекеттер жасаған тұлғаларға қолданылатын ең ауыр құқықтық жауаптылықтың түрі болып табылады. [26]

Қылмыстық жауаптылық қылмыстық іс әрекетті жасаған адам мен сот, прокуратура, анықтау және тергеу органдары, пенитенциарлық инспекция арасында туындайтын қылмыстық құқықтық қатынастармен анықталады.

Қылмыстық жауаптылықтың белгілері:

- Моральдық негізделген. Қылмыстық заңмен қорғалады ең бағалы құндылықтар - азаматтардың өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті мен құқықтары, демократиялық тәртіп және тағы басқалары.

-Қылмыстық-құқықтық жауаптылықтың мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы жалғыз мемлекет. Бұл қылмыстық жауаптылық пен азаматтық жауапкершілік арасындағы айырмашылық.

- Қылмыстық жауаптылықтың негізі Қылмыстық кодексте белгіленген объективті және субъективті белгілердің толық жиынтығын қамтитын қылмыстық іс әрекет жасау болып табылады.

- Қылмыстық жауаптылықтың формальды негізі болып соттың үкімі жатады.

- Қылмыстық жауаптылық кінәліге қылмыстық-процессуалдық құқықпен реттелетін ерекше нұсқаулары түрінде тағайындалады.

Қылмыстық жауаптылықтың функциялары. Қылмыстық жауаптылық келесі арнайы функцияларды орындайды:

- Ақпараттық және реттеушілік. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі құқықтық қатынастарға қатысушыларды мемлекет пен қоғамның қандай іс әрекеттерді әлеуметтік қауіпті деп санайтындығын көрсетеді;

- алдын алу. Қылмыстық жаза қолданылған адам қылмыстық құқық бұзушылықты қайтадан жасауға қорқады;

- жазалаушы (осы функцияны жүзеге асырудың тиімділігі гуманистермен пікір талас тудырады);

- қалпына келтіру. Сот жәбірленушілердің денсаулығына тигізілген зиянды өтеуді, келтірілген материалдық шығындарды өтеуді кінәлілерге міндеттейді;

- тәрбиелік.

Жалпы қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілді. Қылмыстық жауаптылықтың анықтамасы берілді, зерттелетін мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар зерттелді және қорытындылар жасалады.

Қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктері белгіленді, қылмыстық

жауаптылықты жүзеге асырудың әртүрлі түрлері ұсынылды және қарастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ //adilet.zan.kz/kaz/

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ//adilet.zan.kz/kaz/

3 Брайнин Я.М. Уголовная ответственность и ее основание в советском уголовном праве. М. 1963. 276 с.

4 Братусь С.Н. Юридические лица в советском гражданском праве. М. 1976. -227 с.

5 Загородников Н.И. О пределах уголовной ответственности // Советское государство и право. 1967. № 7

6 Ретюнских И.С. Уголовная ответственность и её реализация. Воронеж, 1983 – 107 с.

7 Ткачевский. Ю. М. Понятие уголовной ответственности, её суть и цели // Весн. Моск. ун-та. Сер. 11. Право.-2000. - № 6.- С. 3-6.

8 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001

9 Шаргородский М.Д. Наказание, его цели и эффективность. Л.: Изд-во ЛГУ. 1973. 160 с.

10 Жовнир. С. О понятии уголовной ответственности // Уголовное право.- 2006.-№ 3.- С.21-25.

11 Криволапов Г. Г. Уголовная ответственность как правовое последствие совершённого преступления. // Труды Московской высшей школы милиции МВД СССР. Вып. 2. М., 1978. - С. 72 - 81.

12 Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқулық/А.Н.Ағыбаев. - 4-бас.,өңд.,толық. - Алматы : Жеті жарғы, 2007. - 360 б.

13. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сайты://sud.gov.kz/kaz/

14. Лейст О. Э. Санкция и ответственность по советскому уголовному праву. М., 1998. С. 96.

15. Пионтковский А.А. Курс советского уголовного права. В 6-ти томах, т. 3. -М. 1970.

16. 1974 жылғы 13 желтоқсандағы «Алыпсатарлық жайлы сот тәжірибесі туралы» КСРО Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы ://www.libussr.ru/doc_ussr/usr_11368.

17. С. М. Рахметов, Т. Ә. Бапанов. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. - Алматы : Норма-К, 2004. - 648 с. .

18. Борчашвили И.Ш..Коментарии к Уголовному Кодексу Республики Казахстан. Алматы. Жеті жарғы 2015. – 858

19 Уголовное право России. Общая часть. Под ред. И. Э. Звечаровского. М., 2004. С. 290.

20. Ветрова Т. Н. Уголовно - процессуальная ответственность. М., «Наука». 1987. С. 90.

21 Таганцев Н.С. Русское уголовное право. Лекции. Часть общая. В 2т. Т.1.-М, 1994.

22. Спасович В.Д. Избранные труды и речи / Сост. И.В. Потапчук. Тула: Автограф. 2000. 496 с

23. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме: Жалпы және Ерекше бөліктер/ А. Н. Ағыбаев. - Алматы : Жеті жарғы, 2010. - 808 б.

24 Саламатов Е.А. Добровольный отказ от преступления: Уголовно-правовые аспекты: Учеб.пособие. - Алматы, 2003.

25 Борчашвили И.Ш. Уголовное право Республики Казахстан / Алматы: Дәнекер, 2014. – 890с.

26. Баймурзин Г.И. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть) / Г.И. Баймурзин –Алматы: Жеті жарғы, 2013. – 165с.

Баймырзаева Мадина Каламбековна
к.э.н., доцент кафедры ЭиООД
Университета Кунаева,

Абдыкаримова Мира Маратовна
м.э.н., ст. преп. кафедры ЭиООД
Университета Кунаева
г. Алматы, Республика Казахстан

Аксенова Галина Николаевна
к.фил.н., доцент кафедры трудового, экологического права и гражданского процесса, ФГБУ ВО «Алтайский государственный университет»,
г. Барнаул, РФ

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТРАХОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ, РФ

Социальное страхование (СС) играет важную роль в защите населения от различных социальных рисков, при этом является самостоятельной многоуровневой социально-экономической системой, что говорит о ее высокой значимости в экономике Казахстана, также и в России.

Современное общество нуждается в обеспечении полноценной своевременной социальной защиты, чтобы каждый человек и общество в целом могло получить широкую поддержку. Острая необходимость такой поддержки наступает в период социальных рисков. Социально-уязвимые граждане есть в каждом государстве. Поэтому хотелось бы изучить, сравнить, как предусмотрено решение социального страхования населения в обществе.

В недавнем прошлом был издан новый закон об обязательном социальном страховании. Актуальность выбранной темы созвучно тому, что мы хотели протестировать существующую систему СС и новый закон на предмет заявления в этих странах. Как охвачено и в чем выглядит страхование? Выполняется ли обязательность социальной помощи? На сколько социальна эта система, какой контингент охватывает?

Сравнивая нормативно-законодательные документы о социальном страховании в Казахстане и России, мы обнаруживаем следующее.

В ст. 3 Федерального закона РФ, 1999 г. «Об основах обязательного социального страхования» закреплено понятие «социального риска», в котором говорится, что это предполагаемое событие, влекущее изменение материального или социального положения работающих граждан и иных категорий граждан, при наступлении которого осуществляется обязательное социальное страхование. Это понятие трансформировалось в термин «социальный страховой риск» в поправках от 2009 г. – «предполагаемое событие, при наступлении которого осуществляется обязательное социальное страхование» [1].

В Казахстане законодательно обязательное социальное страхование эволюционировало из Трудового Кодекса в специальный закон в 2019 году: «Об обязательном социальном страховании», Закон Республики Казахстан от 26 декабря 2019 года № 286-VI ЗРК.

Пункт 8. закона гласит: «социальный риск – наступление события, влекущего утрату трудоспособности и (или) потерю работы, потерю кормильца, потерю дохода в связи с беременностью и родами, усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей) и уходом за ребенком по достижении им возраста полутора лет, в результате которого участник системы обязательного социального страхования либо в случае его смерти члены семьи, состоявшие на его иждивении, приобретают право на получение социальных выплат в соответствии с настоящим Законом» (Глава 1., статья 1, п. 8) [2].

Сделаем сравнительный анализ категории «социальный риск» в таблице.

Таблица – Сравнительный анализ категории «социальный риск» в законах РФ и РК.

РФ	РК	Имеется

		совпадение «+», отличие «-»
Категория «социальный риск»	Категория «социальный риск»	+
- временную или полную утрату трудоспособности;	- утрата трудоспособности	+, отличие «временная утрата трудоспособности»
- безработица	- потеря работы	+
- потеря кормильца	- потеря кормильца	+
- сиротство	-	-
- производственное увечье, профессиональное заболевание	-	-
- многодетность	-	-
-	- потеря дохода в связи с беременностью и родами, - усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей), - уходом за ребенком по достижении им возраста полутора лет	-, не совпадает
Примечание: составлено авторами на основании источников [1, 2].		

В России критерием для оказания помощи при наступлении данного риска является материальное или социальное положение работающих граждан.

В Казахстане данные критерии совпадают, кроме понятий – сиротство, многодетность. Но в российском законодательстве нет критерий – потеря дохода в связи с беременностью и родами, усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей), уходом за ребенком по достижении им возраста полутора лет. В этом видим существенное различие, которое отразится в расчетах контингента базы СС.

В Казахстане развитие социальных выплат эволюционировало и изменялось следующим ростом контингента охватываемых работающих граждан.

«С 2005 года социальные выплаты из ГФСС осуществляются в случаях утраты трудоспособности, потери кормильца и потери работы. С 2008 года в рамках Послания Главы государства народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» в поддержку материнства и детства введены дополнительные социальные выплаты. Это на случаи потери дохода в связи с беременностью

и родами, усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка и по уходу за ребенком до достижения им возраста одного года» [3].

С 2023 года – «по уходу за ребенком до достижения им возраста полутора года», + 0,5 года. Таким образом, происходит совершенствование системы

социального страхования по охвату работающего населения.

В РФ получатель страховых выплат определяется по следующим условиям: утрата полной или частичной трудоспособности, которая влечет за собой потерю основного источника средств существования, как правило, дохода от трудовой деятельности, характеризует сущность социального риска.

Социальные риски включают в себя: безработицу; временную или полную утрату трудоспособности; производственное увечье, профессиональное заболевание; потеря кормильца, многодетность, сиротство. Социальные выплаты в России называются «обеспечение по обязательному социальному страхованию».

В Казахстане социальные выплаты – это «выплаты, осуществляемые Государственным фондом социального страхования в пользу получателя социальной выплаты (п/п 9);

Получатель социальной выплаты (далее – получатель) – физическое лицо, за которое производились социальные отчисления в Государственный фонд социального страхования до наступления случая социального риска и в отношении которого Государственным фондом социального страхования вынесено решение о назначении социальных выплат, а в случае смерти лица, являющегося участником системы обязательного социального страхования, – члены семьи умершего (признанного судом безвестно отсутствующим или объявленного умершим) кормильца, состоявшие на его иждивении (Глава 1., статья 1, п. 8., п/п 10)).

Главной задачей социального страхования является компенсирование, а также сведение к минимуму последствий изменения социального и материального положения людей при признании их безработными, инвалидности, травмах, беременности и родах, наступления старости и иных предусмотренных законом случаев.

Система социального страхования, действующая на территории Российской Федерации и Республики Казахстан, требует доработки, однако она вполне успешно справляется с решением как мелких (частных), так и массовых случаев ухудшения уровня жизни населения, предоставляет должную социальную защиту и материальную помощь [4, с. 8].

Система социального страхования играет важную роль в экономической политике страны, помогая эффективно, а главное справедливо распределять денежные средства, направленные на социальное обеспечение, материальную помощь при наступлении рисковых обстоятельств.

Социальное страхование направлено не только на работающих, но и на неработающих граждан с целью защиты от возможных изменений социального или материального положения.

Важно отметить, что объем страховых выплат прямо зависит от трудового стажа, размера заработной платы, степени утраты трудоспособности (полная, частичная).

Действующая система социального страхования в России имеет четыре отрасли страхования, финансирование которых осуществляется тремя фондами. Фонд социального страхования управляет двумя отдельными отраслями – государственным социальным страхованием (страхованием на случай временной нетрудоспособности и в связи с материнством) и обязательным социальным страхованием от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний. Пенсионный фонд управляет обязательным пенсионным страхованием, а обязательное медицинское страхование, соответственно, находится под управлением Федерального фонда обязательного медицинского страхования [5, с. 69].

В Казахстане «действует многоуровневая система социальной защиты населения, которая направлена на социальное обеспечение всех слоев населения с рождения ребенка до глубокой старости. В рамках Послания Главы государства народу Казахстана от 19 марта 2004 года «К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, конкурентоспособной нации» с 2005 года в Республике Казахстан введено обязательное социальное страхование как дополнительная форма социальной защиты населения. Т.е. как элемент системы социальной защиты населения.

С переходом к новым стандартам социального обеспечения был создан Государственный фонд социального страхования (ГФСС) в форме акционерного общества со 100-процентным участием государства. ГФСС производит аккумулирование социальных отчислений и выплаты участникам системы обязательного социального страхования, в отношении которых наступил случай социального риска. Участниками системы обязательного социального страхования являются работники или самостоятельно занятые лица, за которых работодатели уплачивают ежемесячные социальные отчисления в ГФСС по ставке 5% от дохода работника в пределах 10-кратного размера минимальной заработной платы» [3].

В РФ формирование бюджета вышеперечисленных фондов осуществляется за счет взносов работников и работодателей, а также субсидий государства.

Для российской системы социального страхования характерно многообразие форм собственности, хозяйствования учреждений и частных лиц, которые оказывают услуги страхования, а также многообразие форм и способов оплаты оказываемой ими материальной помощи.

В Казахстане функционирует многоуровневая модель социального обеспечения, предусматривающая распределение ответственности между государством, работодателем и работником на базовом, обязательном и

добровольном уровнях. Один из факторов улучшения социального развития – это рост социальной помощи. Критерии оценки программ социальной помощи:

- Охват - доля бедных, получающих пособия;
- Адресность - доля средств, доходящих до бедных;
- Действенность - доля пособий по отношению к средним расходам домохозяйства.

Обязательное социальное страхование – это дополнительная социальная защита работающего населения.

В Казахстане в 2020 году социальные расходы составили - 6,6 трлн тенге, что составляет 47% от общего объема республиканского бюджета.

В 2022 году на социальную помощь и соцобеспечение приходится 4,4 трлн тенге и охватывает 6,7 млн человек [6].

Расходы бюджета на социальные помощь и обеспечение в 2023 году составили 4,5 трлн тенге.



Рисунок – Расходы бюджета РК на социальную помощь и социальное обеспечение за 2014-2022 годы, млрд тенге.

За 17 лет (с 2005 г. по 2022 г.) величина социальных отчислений выросла в 317 раз, с 14 млрд тенге до 4,4 трлн тенге соответственно.

Значение социальной помощи и социального обеспечения для бюджета в его расходной части постоянно растет. В 2014-м его доля была 6,9%. В 2015-м - процентов. В 2016-м – 8-9%. По бюджету на 2018 год его доля стала больше – 24,2%. В 2019-м году – уже 28%. Рекорд был в 2020 году – 47% бюджета. Фактически это означает социализацию страны. Казахстанская модель социального страхования позиционирует себя как: надежность плюс доходность.

Обобщая вышесказанное, можно выделить положительные черты системы социального страхования в России. К ним относятся: охват большей части населения; наличие гарантий получения бесплатной помощи; свобода выбора страховой организации (фонда страхования); разделение функций финансирования и оказания услуг; оказание гарантированной государством помощи [7, с. 228].

Однако, в настоящее время как в российской, так и в казахстанской системе социального страхования существует достаточно много проблем, требующих решения.

Одной из таких проблем является неоконченность регулирования социального страхования на законодательном уровне. В России долгое время отсутствовал порядок и сроки проведения процедуры выплаты материальной помощи, в том числе пенсий по старости. В действующем законодательстве существуют противоречия в Бюджетном и Налоговом кодексах. Отсутствует план совершенствования системы социального страхования, по которому будет проходить дальнейшее развитие экономики страны.

К тому же, отсутствует порядок формирования и рационального использования ресурсов ФСС РФ. Как показывает опыт стран запада с рыночной экономикой, система формирования фондов, при которой основная нагрузка, от 40 до 60%, ложится на работодателя, 10-30% уходит на долю работников, и остальная часть в размере 20-40 % на долю осуществляющего обязательства по отношению к наиболее уязвимым слоям населения государства, является одной из наиболее эффективной. Система такого вида представляет собой воплощение идеи совместной ответственности за социальные риски [8, с. 76].

Недостаток средств в Фондах, а также наследование принципам страхования указывают на еще ряд проблем – низкий уровень экономики страны, а также высокая дифференциация в доходах граждан. Об этом можно судить по результатам анализа объемов социального страхования в странах Европы. Так, к примеру, расходы на социальное обеспечение у развивающих стран, у которых сравнительно невысокий экономический потенциал, составляют около 16-18% от ВНП; а расходы развитых стран - приблизительно 30% от ВНП. В РФ эта цифра держится на отметке, приближающейся к 13%, что говорит о заведомо низком уровне страховой защиты, не способном обеспечить достойный уровень жизни в отдельно взятых случаях [9, с. 77].

Одной из главных проблем системы социального страхования является низкий уровень пенсионного обеспечения. Средний размер страховых пенсий по старости в 2021 году составляет 10 022 рубля (70 000 тенге в пересчете на курс тенге в 2023 году, для сопоставления и сравнения), в РК - 95 000 тенге. Хоть и размер пенсии увеличился в сравнении с прошлым годом, однако получаемые пенсионерами средства не дают им возможности удовлетворить их базовые потребности. Для улучшения положения пенсионеров нужно поднять пенсии по старости как минимум до прожиточного минимума.

Недооценена роль государства в системе социального страхования. Участие государства, его влияние оказало бы существенное воздействие на работу систему в целом, что повысило бы уровень и качество жизни населения, улучшило их социальное и материальное положение.

Действующая система социального страхования еще не достигла должного уровня, ей все еще нужно развитие для оказания всех необходимых услуг и гарантий защиты от социальных рисков.

Существенные изменения в экономической, правовой, финансовой, организационной сферах помогут совершенствованию системы социального страхования. Для этого необходимо проанализировать и внести изменения в действующее законодательство, пересмотреть и увеличить размер страховых выплат, четко определить источники, из которых формируются фонды.

Для повышения эффективности защиты населения, уровня и качества страховых услуг, нужно создать конкуренцию между страховыми организациями. Продвижение негосударственных добровольных форм страхования поспособствуют этому [5, с. 68].

Чтобы достигнуть финансовой устойчивости необходимо провести ряд мер, направленных на достижение сбалансированности поступления обязательных платежей и расходов на социальные выплаты во внебюджетные фонды.

В современных концепциях развития социального страхования приоритетными направлениями совершенствования являются:

1. Обеспечение эффективной реализации функций социального страхования;
2. Учет опыта развитых стран, их методы и подходы, использующиеся в системах государственной социальной поддержки;
3. Институциональные изменения, то есть улучшение законодательной базы, на которую опирается социальное страхование;
4. Усиление участие государства в формировании бюджета фондов социального страхования, усовершенствовать государственную поддержку;
Демек, осы қарастырған мұндай анықтамалардың өзінде *сот билігінің* бүкіл қызметі (функциясы), мақсаты, белгілері, өкілеттігі, бағыты және де қандай жолмен, кімнің орындайтыны толықтай дерлік қамтылған. Бұлардың барлығын жеке - жеке қарастырып та анықтама беруге болады. Өйткені, негізгі анықтамадан қалғандары таралатыны анық. Әрине, мұндай анықтаманы тек күрделі, кең мағынадағы анықтама деуге болады. Әдетте, оның қысқаша түрін, яғни тар мағынада түсіндіруге де болары анық, тек қана «сот билігі – дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беру мақсатында.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының ережелеріне сүйене отырып, Қ.Ә.Мәми сот билігінің мынадай негізгі белгілерін бөліп көрсетеді:

Бірінші белгі – бұл билік конституциялық бекітілген біртұтас мемлекеттік биліктің тармағы болып табылады. Осыған байланысты оны мемлекеттік қызметтің түрі деп толық айқындауға болмайды, не көптеген мемлекеттік органдар билік тармағының табиғатына келе бермейтін қызметтерді орындайды.

Екінші белгі – сот билігінің тек арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға тиесілі.

Үшінші белгі – оны өз кезегінде Конституцияда көзделген тәртіппен құрылатын арнайы мемлекеттік органдарда құруда; сот алдында жеке міндеттері мен мақсаттарын қоюда және оларды жеке құзыреттерімен бөлуде, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен жеке қаржыландыруда көрінетін

ұйымдастырушылық, функционалдық және қаржылық дербестікке ұсынатын сот билігінің тәуелсіздігі.

Осы биліктің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға: Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсалюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың заңсыз шешімдерін тек сот күшін жоя алады, ал басқа құрылымдар ондай құқықты иеленбейді.

Төртінші белгі – бұл мемлекеттің атынан сот билігін жүзеге асыруы: Қазақстан Республикасының атынан үкімдер мен соттардың өзге де шешімдерін жария ету.

Бесінші белгі – сот төрелігің, яғни құқықтық даулар мен істерді қарауға байланысты жүзеге асыру.

Алтыншы белгі – осы билікті Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер, республика халықаралық шарттарының негізінде туындаған дауларға ғана қолдану. Сот мораль, діни, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға байланысты жанжалдарда қарамайды және шешпейді.

Жетінші белгі – осы билікте оның қызметіне тән іс жүргізу (талап арыз ісін жүргізу, процеске айыптауға және қорғауға қатысу).

Сегізінші белгі – осы биліктің құқық қорғау сипаты, қызметінде осыған байланысты екі қыры бөлініп шығады: құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Тоғызыншы белгі – оның шешімдерін мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ету[3].

Мемлекеттік басқару жүйесінде сот билігінің мемлекеттік биліктің заң шығарушы және атқарушы биліктерімен өзара әрекеттестігі соттардың Конституцияда белгіленген функциянан келіп шығады. Соттың міндеті – адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Осы функциясы аясында сот билігі өзге билік тармақтарымен өзара әрекеттестік тетіктерін құрады. Академик Ғ.Сапарғалиевтің пікірінше, Қазақстан Республикасының Конституциясының «Соттар және сот төрелігі» бөліміне сәйкес, сот билігі не заң шығарушымен, не атқарушы билік тармақтарымен өзара әрекеттесе алмайды. Сот билігі Конституция және Парламент қабылдаған заңдардың негізінде жүзеге асырылады. Сот билігіне қатысты атқарушы билікпен және билік тармақтарына кірмейтін органдармен билік-басқарушылық функцияны қолдануға болмайды. Конституцияның 77 бабының 2 тармағына сәйкес «сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді». Ал билік тармақтарының өзара әрекеттестігі жөніндегі конституциялық ереженің болуы – соттарға сот төрелігін жүзеге асыруға бөгет болады және мұндай араласуды ақтап тұрғандай [1, 6 б.]. Тағы бір жерде, Ғ. Сапарғалиев, «сот билігінің заң шығарушы мен атқарушы билікті құқықпен тежеп отыруы және

олардың қызметіне құқықтық бақылауды жүзеге асыру функциясы сот төрелігін жүзеге асыруға тиіс сот билігінің мәнімен байланысты» дейді [2]. Демек, сот билігі басқа билік тармақтарының қабылдаған нормативтік құқықтық актілерін Конституцияға сәйкестік жөнінен бақылау жүргізе алғанда ғана, толыққанды сот билігі жөнінде айтуға болады. Біздің пікірімізше, сот билігі мемлекет пен қоғамда ерекше рөлді атқарады. Оның бастысы және маңыздысы – басқарушылық шешімдердің (заңдардың, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің) әділ болуын (Конституцияға сәйкес келуін), адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының билік тармақтарымен бұзылмауын, Конституцияға сәйкес келетін басқарушылық шешімдердің орындауын бақылау болып табылады, яғни заң шығарушының да, атқарушы биліктің де қызметін құқық тұрғысынан тексереді. Сот билігі қызметінің бастысы және негізгісі – ол адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын басқа билік тармақтарының озбырлығынан қорғау болғандықтан, жоғарыда аталған билік тармақтарының осы саладағы қызметіне бақылауды жүзеге асырады. В.Савицкийдің пікірінше, бүгінгі күні сот билігін құқықтық мемлекеттің негізгі құрылымы ретінде тек азаматтық немесе қылмыстық нормамен көзделген нақты істі қарастырудағы рөлімен байланыстыруға болмайды. Сот билігі қазіргі таңда соттың сот төрелігіне қатысы жоқ жаңа функцияны қалыптастыруымен ерекшеленуде. Тепе-теңдік және тежемелік жүйе контекстінде сот билігі тек сот төрелігін жүзеге асырып қана қоймайды, ол сонымен қатар заң шығарушы мен атқарушы биліктің шешімдері мен әрекеттеріне заңдық тұрғыда белсенді түрде әрекет ету арқылы «оларды тепе-теңдікте ұстаудан» көрініс табады. Бұл құзіреттер сотты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның әлеуметтік қақтығыстардан жойылып кетуінен қорғайтын мықты тұрақтандырушы күшке айналдырады [4]. Егер заң шығарушы мен атқарушы биліктер өз тараптарынан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдайтын болса, онда сот билігі өзіне берілген құзіреттің негізінде бұл билік тармақтарын құқықпен шектей алады. Дейтұрғанмен, сот билігі заң шығарушы мен атқарушы биліктің қабылдаған құжаттарын өз бетімен конституциялық емес деп нормативтік құқықтық актілер кеңістігінен ысырып алып тастауға құқығы жоқ. Сот билігінің атынан нормативтік құқықтық актілерге бақылауды жүзеге асыратын республика соттарының барлығы тек адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тану бойынша Конституциялық Кеңесте қозғалатын конституциялық өндіріс механизімін қозғалысқа жіберуші ғана болып табылады. Демек, соттар конституциялық емес заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді құқықтық кеңістіктен алып тастауға құзіреті бар органға жүгінуші субъект қана болып табылады. Конституциялық Кеңес өз кезегінде төреші (арбитр) ретінде бұл мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы дауға соңғы нүктені қоюшы

және билік тармақтарының қызметінің нәтижесіне баға беретін және қажет болған заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді жоққа шығаратын мемлекеттік орган болып табылады. Конституциялық бақылау органына өтінішпен жүгіну кезінде субъект ретінде Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін кез келген аудандық және оған теңестірілген соттардан бастап, облыстық және оған теңестірілген соттар, ауданаралық мамандандырылған соттар, әскери және Жоғарғы Сот бола алады. Конституцияның 78 бабында көрсетілген талаптарды орындау кезінде кез келген сатыдағы сот Конституциямен бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заң немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске іс қараудың кез-келген кезеңінде жүгіне алады. Бұл арада соттар 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы Конституциялық заңның 22 бабында белгіленген Конституциялық Кеңеске жүгінудің нысаны мен мазмұнын қатаң сақтауы тиіс.

Конституциялық Кеңеске өтінішпен жүгінуге байланысты соттың қарастырып отырған істі тоқтата тұру туралы шешіміне шағым келтіруге байланысты мәселеге келетін болсақ, онда процессуалдық заңнама бойынша нақты істі қарастыруға байланысты кез келген істің ары қарай жылжуына бөгет болып тұрған соттың шешімдеріне тараптармен, іске қатысушы басқа да тұлғалармен немесе прокурормен аппеляциялық тәртіпте шағымдануға және тиісінше наразылық білдіруге болады. Кейбір ғалымдар конституциялық емес заңдарды заңнама жүйесінен жою мақсатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды көздейтін сот төрелігі мақсатымен қарама-қайшы келеді дейді[5.67]. Сот төрелігі мақсатына жету үшін істі тек дұрыс қана емес, сонымен бірге өз уақытында шешу керек. Соттың конституциялық ережелерді тікелей қолдану жөнінде мүмкіндігі бола тұра, өтінішті жіберу үшін нақты іс бойынша өндірісті тоқтата тұру, адамның сот арқылы қорғау құқығын жүзеге асыруды кейінге шегертеді. Кейбір жағдайда мұндай құқықты жүзеге асыруды кейінге қалдыру, сот төрелігін жүзеге асырудан бас тартумен пара-пар [6]. Біздіңше, сот қолдануға тиісті заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді конституциялық емес деп тану жөніндегі өтінішті Конституциялық Кеңеске жөнелту туралы шешімді шығарған жағдайда, бұл Конституцияның тікелей әрекет ететін ережесінің талабына түседі де, ол бойынша сот өтінішпен жүгінуге міндетті болып табылады. Соттың мұндай жағдайда шығарған шешіміне тараптар да, іске қатысушылар да, прокурор да шағым және тиісінше наразылық білдіре алмайды. Өйткені, сот өзінің жеке тұжырымы бойынша нақты істе қолдануға тиісті заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын тексеру бойынша конституциялық бақылау органына өтінішпен жүгіну туралы шешім шығарып, оны жөнелткен сәттен бастап, бұл қатынасқа Конституцияның тікелей әрекет ету ережесі түседі, яғни конституциялық құқықтық қатынастар туындайды.

Конституциялық Кеңестің тәжірибесінде соттардан түскен өтініштерді қарастыруға негіздің жоқ болғандығынан, өтініш өндіріске қабылданбай, жүгінуші субъектіге кері қайтып келу фактілері көп кездесіп тұрады. Мұндағы «негіздің» бар немесе жоқ екендігін талас тудырып отырған заңға немесе нормативтік құқытық актіге қатысты күмәнділік бар ма, әлде жоқ па? – деген мәселеден анықтауға болады. Ал күмәнділік мынадан көрініс табады:

- Соттар өз өтініштерінде қолдануға тиісті қандай заңның немесе нормативтік құқықтық актілердің немесе белгілі бір ереженің Конституцияда кепілдік берілген адамның құқықтарына қайшы келіп тұрғандығын анықтауы тиіс және өз тұжырымы бойынша конституциялық емес деп тану қажеттілігін дәйектеп, дәлелдеу керек[7.89.]

- Конституциялығы тексеріліп жатқан заң немесе нормативтік құқықтық актілер немесе олардың ережелері Конституцияның қай бабына сай келмейді, қандай бағытта бұзады, оның салдары қалай болады?

Нақты істі қарастыру кезінде сот қолданатын заңды немесе нормативтік құқықтық актілерді анықтағаннан кейін, осы қолданатын акті бойынша тараптардың арасында немесе прокурорда белгілі бір көзқарас қалыптасып, қолдануға тиіс заңның немесе нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі жағынан күмәнданып, тараптар немесе прокурор осы актілердің конституциялығын тексеру жөнінде Конституциялық Кеңеске өтінішті жолдау туралы сотқа өтініш беруіне шектеу қойылмаған. Өтінішті сот қарастырып, нақты шешім қабылдауы керек. Егер сот тараптардың бірінің тұжырымымен келісіп, ол бойынша қарастырып жатқан нақты істі тоқтата тұрып, қолдануға тиіс заңның немесе нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын тексеру үшін Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайтын болса, онда Конституциялық Кеңес Конституцияның және Конституциялық Кеңес туралы Конституциялық заңның ережелеріне сәйкес, мұндай өтінішті өз өндірісіне қабылдауға құқығы жоқ. Себебі, мұнда сот өз бастамасы бойынша қолданылатын заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заң немесе өзге де нормативтік құқықтық актілер болып табылатындығы жайында тұжырымға келген жоқ. Ал өтініш Конституциялық Кеңестің өндірісіне қабылдануы үшін бастама соттың өзінен шығуы керек. Бұл Конституция мен заңның талабы. Мұндай ережені былай түсіндіруге болады. Сот іс жүргізу кезінде мемлекеттің атынан сөйлейді және шешім шығарғанда мемлекеттің атынан шығарады, сол сияқты іске қатысушы тараптардың барлығына бір көзқараспен қарайды. Сонымен қатар, сот жария мүддені, яғни мемлекеттің, құқықтың, Конституцияның үстемдігін көздейді, ал тараптар жеке мүддені көздейді.

Билік тармақтары қызметінің нәтижесін (қабылдаған нормативтік құқықтық актілерін) жарамсыз (конституциялық емес) деп тану жөніндегі соттың өтініші бойынша қозғалатын өндірісте конституциялық қағидаттардың толық жүзеге асатындығын көруге болады. Мәселен, өтініш субъектісі ретінде

соттың және мемлекеттік билік тармақтарының (Парламент пен Үкімет) құқық туралы дауласуы кезінде төреші (арбитр) болып табылатын және Конституцияның жоғары тұруын қамтамасыз ететін орган ретіндегі Конституциялық Кеңестің тәуелсіздігі, конституциялық өндірісті жүргізудегі ашықтық, іске қатысушылардың (билік тармақтарының және өзге де мемлекеттік органдардың) жеке тұжырымын ауызша немесе жазбаша түрде баяндай алуы, жариялылық, өндірістің кезең-кезеңімен жүргізілуі, іске қатысушылардың тең құқықтылығы және т.б. конституциялық қағидаттардың іс жүзіне асуын білдіреді. Отырысқа қатысушы субъект ретінде тиісті соттың атынан нақты іс өндірісінде жатқан судья танылуы тиіс. Біздің пікірімізше, нақты іс өндірісінде жатқан судьяның отырысқа қатысушы субъект болып табылуы объективті, әділетті және құқықты болып табылады. Себебі, өтініш жіберілген нақты іс бойынша мәселенің анық-қанығын тікелей істі қарастырып жатқан судьядан басқа ешкім жақсы біле бермейді. Конституциялық заң өкілдік етуді сенімхат негізінде жүзеге асыруды да қарастырады. Оның санаты әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, адвокаттар немесе заңгерлер, болмаса осы сала бойынша заң ғылымындағы дәрежесі бар заңгер-ғалым және т.б. Ал қазақстандық тәжірибеге көз жүгіртіп өтер болсақ, онда субъект ретіндегі – соттың өкілі болып көп жағдайда Жоғарғы Соттың судьялары танылады[8.56].

Өтініш субъектілері, сондай-ақ актілері мен әрекеттерінің конституциялылығы тексеріліп жатқан мемлекеттік органдардың өкілдері және лауазымды адамдар, өз еркімен, ал қажет болған жағдайда, Конституциялық Кеңестің талабы бойынша, оның іс жүргізуге қабылданған өтініші қаралатын отырысқа қатысуына болады. Қажет болған жағдайда конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың, сарапшылардың, мамандар мен өзге де шақырылған адамдардың түсініктемелері мен сөздері тыңдалады. Төрағалық етуші мәселені қарау басталғанға дейін оның мән-жайы бойынша өтініш субъектілерінен, олардың өкілдерінен, сарапшылардан, отырыстың басқа да қатысушыларынан, оларда қосымша материалдар талап ету және өтінішті қарауға жаңадан сарапшылар, мамандар тарту туралы өтініштері мен тілектерінің бар немесе жоқтығын сұрайды. Мұндай өтініштер жазбаша түрде түскен жағдайда, олар Конституциялық Кеңестің отырысында оқылып, қаралатын істің материалдарына енгізіліп қойылады, ауызша өтініш Конституциялық Кеңес отырысының хаттамасына енгізіледі.

Билік тармақтарының өкілдері және өзге де конституциялық іс жүргізуге қатысушылар және олардың өкілдері қаралып жатқан мәселенің мән-жайына байланысты өз қалауы бойынша Конституциялық Кеңестің отырысында сөз сөйлей алады. Конституциялық Кеңестің мүшелері конституциялық іс жүргізуге қатысушыларға нақтылау үшін сұрақтар қоюға құқылы. Өтінішінің негізінде конституциялық іс жүргізу қозғалған қатысушы (сот) және өтініштегі актілерінің конституциялығы іс жүргізуде дау тудырып жатқан қатысушылар (заң шығарушының және/немесе атқарушы биліктің жауапты өкілдері) бір-біріне сұрақ қоюы мүмкін. Конституциялық өндіріс барысында

соттың немесе оның өкілінің оған қатысуы, Конституциялық Кеңес мүшелерінің нақтылама сұрақтарына жауап беруі және өндіріске қатысушыларға сұрақ қоюы мен конституциялық өндіріс кезінде өтініш бойынша баяндама жасауы – соттың өтінішті жіберудегі ерекше рөлімен байланысты. Конституциялық Кеңестің мүшелерімен нақтылама және т.б. сұрақтар қойылған жағдайда, сот оларға өзінің көзқарасын өтініштің мәні мен мазмұнынан шығып кетпейтіндей етіп нақты жауап беріп, дәлелдеуі тиіс. Өзінің көзқарасын дәйектеп, дәлелдеу кезінде сот немесе оның өкілі өндірістің өзге де қатысушыларынан және сарапшылар мен мамандардан келіп түскен мәліметтер мен қорытындыларға сүйене алады. Сот өзінің баяндамасын бастағанда, оның өндірісінде жатқан нақты істің тарихынан бастап, істің қысқаша түрде мазмұнын түсіндіріп, оны шешу барысында қолданылуға тиіс заңның немесе нормативтік құқықтық актілердің қалай белгіленіп алынғандығы жөнінде және осы таңдап алынған заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің не себепті қолданылуға болмайтындығы жөнінде ақпарат беруі керек. Ақпарат беру барысында, сот өзінің дәйектерін нақтылап, Конституция мен құқық нормалары арқылы дәлелдеуі тиіс. Онда сот Конституциялық Кеңес мүшелеріне нақты істі шешу үшін таңдап алынған заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің адамның және азаматтың қандай құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретіндігі жөнінде жеке-жеке тоқталып өтуі тиіс. Сонымен қатар, сот адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының Конституцияда баяндалғандығын қарастырып, Конституциялық Кеңестің мүшелеріне тізбелеп таныстырып шығуы керек. Осы тұста сот өзінің қолдануға тиісті заңды немесе нормативтік құқықтық актілерді не себепті конституциялық емес деген қорытындыға, тұжырымға келгендігі жөнінде де ақпарат беріп, өзінің тұжырымына қалай келгендігі жөнінде және қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланғандығы жөнінде де түсініктеме бере алады. Мұнда дау тек құқық (заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт) жөнінде болуы керек. Демек, сот өзінің дәйектерінде оның тұжырымы бойынша нақты істі шешуде қолдануға тиіс адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді және адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын көздейтін Конституция нормаларының құқықтық мәні мен табиғатын терең зерттеп барып, мұндағы құқықтың әрекет ету мәселесін іске қатысушылардың талқысына қоюы тиіс. Негізінде соттың өтініш субъектісі ретіндегі баяндамасынан кейін, екінші тарапқа, яғни конституциялық өндіріс объектісі ретінде конституциялығы тексеріліп жатқан заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді шығарған немесе қабылдаған, тиісінше орган немесе лауызымды тұлғаға немесе оның атынан өкілдік етіп отырған іске қатысушыға баяндама жасау үшін сөз берілуі керек. Ал ол өз кезегінде өзінің көзқарасын анықтап, Конституциялық Кеңестің мүшелеріне таныстыруы тиіс. Конституциялық өндіріс барысында іс жүргізуге қатысушылар да өздерінің жеке тұжырымдарын білдіруге, ал мамандар мен

сарапшылар аталған мәселе бойынша тиісінше өздерінің жүргізген қорытындылары мен сараптамаларын Конституциялық Кеңестің мүшелеріне таныстырып, ортаға салуларына болады. Өз кезегінде Конституциялық Кеңестің мүшелері бұл сатыда іс жүргізуге қатысушыларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақ қойып, сараптамалармен және қорытындыларымен танысып, ол бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке субъективтік ойларын тыңдай алады. Мұның мәні мынада: «өндірістегі істің және оған байланысты мүдденің заңдық аспектілері жөнінде барлық толық мағлұматты алу үшін, конституциялық бақылау органының іс жүргізу барысында іс жүргізудің қатысушысы болып табылмайтын мекемелердің де өкілдерін тыңдауға қауқары болуы қажет. Қарастырылып жатқан өтініш қорытындысының негізінде құқықтары мен құзіреттеріне әсер ететін лауазымды тұлғалар мен мекемелер іс жүргізуге өздерінің мүдделерін білдіретін шақырылған адамдар санатында қатысу құқықтарын иеленуілері керек» [8].

Қорытындылап айтқанда, сот билігінің билік тармақтарының өзара әрекеттестігінде алар орны ерекше екендігіне көз жеткіздік. Негізінен заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің келісімді, үндесе жұмыс істеуі мемлекеттің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық оң ахуалының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Өйткені, заң шығарушы билік Конституцияның негізінде сот жүйесін, судьялардың мәртебесін айқындайды, Парламент Сенаты Жоғарғы Соттың судьяларын сайлайды, сондай-ақ сот ісін жүргізу заңнамасын бекітеді. Бір сөзбен айтқанда, заң шығарушы биліктің органдары соттардың жұмысының нормативтік-құқықтық тұғырын қалыптастырады [9, 17 б.]. Заң шығарушы органның депутаттары жергілікті жерлердегі сот билігінің өкілдерімен жиі кездесіп, тәжірибе алмасып тұрады. Сот билігі мемлекеттік басқаруда маңызды функцияны жүзеге асырады. Оның мәні билік тармақтарының қызметіне, яғни қабылданған басқарушылық шешімдердің конституциялығын және заңдылығын бағалау мен бақылау болып табылады. Егер заң шығарушы билік сот билігіне қатысты өкілеттігі заңдарды шығарумен, Жоғарғы Соттың судьяларын сайлаумен және т.с.с. конституциялық ережелер арқылы жүзеге асса, сот билігінің құзіреті басқа билік тармақтарына олардың басқарушылық шешіміне бақылау жүргізу арқылы іске асырылады. Бұл өз кезегінде билік тармақтарының өзара әрекеттестік тетіктерінің қалыпты жағдайда жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Дегенмен, сот билігінің басқа билік тармақтарын құқықпен шектеу функциясы алдында баяндап өткеніміздей жеткілікті дәрежеде дамымай келеді. Сот билігімен соңғы жылдары заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарының қабылдаған заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін конституциялық емес деп тану үшін Конституциялық Кеңеске жүгінуі сиреп кеткен (2010 және 2012 жылдар бірде-бір өтініш қарастырылмаған). Бұл жағдайда билік тармақтарының арасындағы өзара әрекеттестік тетіктері бәсеңдей түсері анық. Біздің пікірімізше, оның өзіндік себептері бар: заңның шикілігі және соттың

өтінішпен жүгінудегі процесстің нақтыланбауы. Сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарымен өзара әрекеттестік тетіктерін жандандыру үшін соттың бақылау функциясын жетілдіру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в РК. – Астана: Елорда, 2001.

2. ҚР Конституциясы 1995 ж. 30 тамыз//www.zakon.kz

3. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132-II Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы /

4. Сапаргалиев Г.С. О принципе разделения государственной власти на ветви // Юрист. – 2007. - №2 (68). - С. 4-19.

5. Сапаргалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Алматы, 2002. - С. 405.

6.Савицкий В.М. Прошу у суда защиты. Защита прав человека в современном мире. 1993. - С.23-30.

7.Чиркин В.Е., Современное государство. – М.: Международные отношения, 2001. – 416 с.

8.Жилин Г. Соотношение права и закона // http://www.juristlib.ru/book_2122.html.

9. Защита основных прав Конституционным судом // Избранные доклады, представленные на семинаре в Бриони. – Хорватия: Издание Совета Европы, 1995, сентябрь 23-25. - С.

Дубовицкая Ольга Борисовна
М.ю.н., ст. преподаватель
НАО «Торайгыров университет»,

Бексултанов Алдияр Сагындыкович
преподаватель
НАО «Торайгыров университет»,
г. Павлодар, Республика Казахстан

ТРАНСФОРМАЦИЯ ПРАВА В ЭПОХУ ГЛОБАЛЬНОЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Данное исследование было профинансировано Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19680399)

На современном этапе человечество уже не может обходиться без своевременных, качественных, доступных и персонифицированных информационных ресурсов. Четвертая информационная революция обусловила необходимость в качественном цифровом преобразовании всех сфер жизнедеятельности. Интернет сформировал глобальное виртуальное пространство, где обмен данными получил стремительное развитие.

В Республике Казахстан за период с 2010 по 2016 год плотность пользователей Интернета увеличилась с 36,1% до 75%, а количество пользователей мобильного Интернета с 3 миллионов 694 тысяч практически утроилось и достигло 10 миллионов 567 тысяч [1]. А это в свою очередь дало толчок стремительному развитию телекоммуникационной отрасли.

В Казахстане целевые индикаторы, свидетельствует о том, что внедрение сети Интернет в общественную жизнь казахстанского общества, в 2020 году значительно ускорилось. Это коснулось сферы государственных услуг, получаемых в электронном виде, социальные сети, электронная торговля и др. [2, с. 12].

Цифровая трансформация оказывает самое непосредственное влияние на реализацию фундаментальных прав человека, способствует появлению новых прав человека и гражданина как участника всемирного информационного, цифрового пространства. Плоды цифровизации требуют осмысления и адекватного формулирования правового механизма регулирования, реализации и защиты уже существующих и вновь формирующихся прав человека в целях устойчивого социально-экономического развития, обеспечения реализации конституционных прав и свобод человека и гражданина [3, с. 38].

Современные демократические государства создавая конституционные основы для своей деятельности, не могут игнорировать факторы демократизации, интернационализации, глобализации и цифровизации общественных отношений, сфер собственной деятельности и процессы

политического вовлечения широких слоев граждан в различные сегменты публичного сектора (электоральное участие, общественные советы, совещательная демократия и цифровое участие в получении государственных услуг). Конституционализм с нормативной основой в действующей Конституции страны определяет цели и требования, принципы организации публичной власти и некоторые процедуры публично-правового пространства.

Во многих государствах и, в частности, в Казахстане и России происходит трансформация права в целом и конституционализма в частности. Возрастает значимость конституций и конституционализма с телеологических и символических позиций, т.к. усиливается роль конституционно значимых целей развития государства и общества, применения принципа соразмерности ограничений прав и свобод; происходит апеллирование конституционных норм и конституционной идеологии к традиционным ценностям, которые не всегда имеют ясное изложение в доктрине и положениях конституции страны.

Четвертая промышленная революция соединяет новые технологии и несет новые общественные риски. Такая революция, по мнению экспертов, характеризуется слиянием физических, цифровых и биологических технологий; это слияние будет иметь глубокие социальные и экономические последствия. Особенно важно отметить, как признают исследователи, что следующее поколение нарушений прав человека поменяет свою природу; такие нарушения будут возникать в результате транснациональной деловой активности, они будут становиться все более незаметными, расплывчатыми (диффузными) и изощренными [4].

Научно-технический прогресс и развитие институтов информационного общества затрагивает конституционно-правовые основы организации и деятельности современного государства; конституционализм и конституционное право оказываются вовлеченными в процесс цифровизации и информатизации общественных отношений. Расширяется понятийный аппарат науки конституционного права; появляются новые терминосистемы, которые охватывают процесс цифровизации и информатизации конституционно-правовых институтов. Эра цифровой революции создает новые цифровые активы, меняет представления о праве и правовых институтах, порождает не только цифровизацию права, но и цифровые формы реализации многих конституционно-правовых институтов.

Цифровизация охватывает предпринимательскую деятельность. Сегодня многие предприниматели внедряют передовые инновации в создание бизнеса, и эти улучшения, в свою очередь, дают необычайный импульс для исследования условий, способствующих компьютеризованному изменению предприятий. Цифровизация требует, чтобы предприниматели получали новую информацию и инновационные возможности, чтобы выжить и процветать в новой компьютеризованной экономике [5, p. 1–2]. Очевидно, что цифровая реальность поднимается и на конституционный уровень,

создавая условия для появления новых гарантий для реализации не только полномочий органов публичной власти, но и прав в сфере предпринимательской и другой не запрещенной законом деятельности, широкой сферы политического участия граждан.

Исследователи из различных государств предлагают осмыслять процесс трансформации права и правовых институтов через такие категории, как «цифровая конституция», «цифровые права», «цифровые конституционные права», «цифровой конституционализм», «цифровое конституционное право». Новые вызовы безопасности, стоящие перед современными государствами, порождают потребность переосмысления таких явлений, как сильное государство и правовое государство, появляются синтетические концепции сильного правового государства и правового сильного государства, развитие которых в условиях информационного общества требует новых правовых и цифровых форм политического участия. Появляются исследования о специфике проявления и необходимости новых гарантий для человеческого достоинства в цифровую эпоху [6, p. 401-422].

В научной юриспруденции назрел для обсуждения вопрос о том, существует ли, или же появляется цифровое конституционное право? Какова его природа, если существуют конституционные цифровые права? Очевидно, что такие явления не могут быть оценены вне контекста отраслевой правовой специализации. Если появляется цифровое конституционное право, можно ли говорить о перспективах появления цифрового административного, уголовного или гражданского права? Уходят ли отрасли современного права в цифру или цифра становится новой правовой и информационной оболочкой для отраслей права и конституционно-правовых институтов?

На наш взгляд, пока рано говорить о цифровых отраслях права, как завершенном и проработанном проекте; можно ставить вопрос и о цифровых формах права, о цифровых правах в публично-правовой и частноправовой сферах регулирования.

Однако в будущем может оказаться вполне закономерным вопрос о цифровом конституционном праве как самостоятельной отрасли правового регулирования. В Республике Казахстан и других государствах научная юриспруденция обоснованно обсуждает цифровое конституционное право как новое качество работы конституционно-правовых институтов; как относительно новую цифровую и информационную форму осуществления конституционных прав и свобод, обязанностей личности, отдельных конституционно-правовых институтов, а также компетенционных возможностей органов публичной власти (государства и местного самоуправления), их должностных лиц.

Современное право и конституции как нормативные системы и текстуальные документы давно уже переведены в цифровой формат, имеют электронные версии распространения и хранения как в официальных источниках информации (портал правовой информации), так и в иных

депозитариях, какими являются справочные, информационные системы «Параграф», «Континент», «Әділет» и другие.

Цифровые формы распространения и хранения правовых актов и, в частности, конституции и законов положили начало цифровизации права. Однако, когда речь идет о цифровом конституционализме, вряд ли цифровые формы правовых актов отражают современное представление о данном понятии, хотя без цифровых форм невозможно было бы говорить о цифровизации права и конституции.

Цифровизация как процесс, по мнению ученых, способствует трансформации права, выступает важнейшим фактором такой трансформации [7, с. 28]. Цифровизация оказывает воздействие не только на способ хранения и распространения правовой информации (на принципах двоичного кода), но и меняет нормативные, институциональные и организационные требования к гарантиям реализации прав в цифровой среде, к самому каталогу прав и свобод, к способам выражения общественного мнения, учета способов и форм участия граждан в управлении делами государства, к формам прямой и обратной связи между теми, кто оказывает и потребляет государственные и коммунальные услуги. Этот перечень в условиях цифрового и информационного пространства всегда остается открытым для новаций и инноваций технического и правового характера.

Обращаясь к понятию «цифровой конституционализм», очевидно, необходимо идентифицировать в «цифровом ключе» личность, которая будет использовать свои конституционные права или юридические процедуры участия в конституционной сфере. Следовательно, необходимо вводить понятие «цифровая идентификация личности в конституционных коммуникациях». В настоящее время цифровая идентификация личности в основном осуществляется (для использования избирательных прав, мобильный избиратель) через портал государственных услуг. Представляется важным иметь единое легальное (а не только доктринальное) понятие и технические средства для цифровой идентификации личности в конституционных коммуникациях [8, с. 98].

Размышления приводят нас к двум основным вариантам. 1) Возможно создание специального портала конституционных коммуникаций и конституционных инициатив с цифровой идентификацией граждан. 2) Портал государственных услуг может иметь специальную опцию о конституционных коммуникациях и конституционных инициативах. Оба варианта допустимы, в первом из них автономность работы портала соответствует целевым и техническим возможностям; во втором варианте аккумулируются на едином портале различные виды государственных услуг, в том числе в сфере конституционной коммуникации и конституционных инициатив.

Фактическое использование цифровой идентичности значительно шире в современном информационном и цифровом пространстве, чем то внимание, которое ей уделяется в научных исследованиях казахстанских и российских

авторов. Современное конституционное право и конституционализм стали обращать внимание на цифровую идентичность личности и цифровизацию конституционно-правовых институтов сравнительно недавно. Цифровая идентичность предполагает создание виртуальной личности в сетевом пространстве. Такая личность становится идентификатором для входа в систему (user name, login), прозвище или псевдоним (nickname), заменитель имени человека (идентификационный номер), разные типы компьютерных программ, моделирующих личность и разумное поведение, собственно вымышленная личность (virtual character, virtual persona) или даже образ личности, как она вопринимается или моделируется другими. Различные формы участия личности в процедурах реализации конституционных прав в цифровом и информационном пространстве выдвигают на первый план проблему создания единого идентификационного номера для каждого гражданина или единого портала (сегмента существующего портала государственных услуг) для целей идентификации и осуществления различных конституционных коммуникаций. Очевидно, мы должны говорить о понятии «цифровая конституционная идентификация личности».

Цифровая идентификация личности для целей реализации конституционных прав и свобод, конституционных инициатив в цифровом пространстве потенциально содержит угрозу тотального контроля за политико-правовыми проявлениями намерений и действиями граждан. Поэтому цифровой конституционализм предполагает акцент и уделяет значительное внимание нормативным и институциональным гарантиям реализации прав; он должен предусматривать специальные правовые и процедурные средства защиты граждан от тотального контроля за конституционным и политическим волеизъявлением, а также обеспечивать защиту персональных данных своих граждан в целом и в процессе формирования их цифрового профиля.

В международном плане можно отметить, что современный конституционализм испытывает трудности глобального роста и находится под влиянием сочетающихся, но разновекторных тенденций: 1) конституционной глобализации, которая усиливает влияние конституционных принципов и институтов на национальное конституционное право, на международный правопорядок, на выработку стратегии развития международного публичного права и глобального управления; 2) конституционная автономизация стран, отдельных регионов и территорий, которая претендует на нормативное и институциональное поддержание и культивирование исключительности, самобытности в конституционной сфере.

Обе тенденции не являются автономными и независимыми друг от друга; они взаимодействуют, в результате чего появляется феномен «конституционного глокализма», который вмещает и локализацию конституционного глобализма, и некоторую глобализацию отдельных национальных конституционных принципов и институтов, их

транспонирование от национального и государственного уровня на наднациональный и международный уровни.

Отмеченные тенденции влияют и на конституционную идентичность, и определяют в значительной степени параметры цифрового конституционализма. Если одни исследователи говорят о появлении моделей конституционной идентичности в различных странах под влиянием процессов глобализации [9, p. 473], то другие выявляют определенное соперничество и взаимное влияние таких явлений, как глобализм и локализм на идентичность; констатируют эффект «локализации глобализации» / «local globe»; или «глокализации» [10, p. 19].

Во всяком случае стоит прислушаться к мнению тех, кто отмечает определенный процесс конвергенции моделей конституционной идентичности: наличие «систематических закономерностей глобальной конституционной идентичности», которые не исключают, а наоборот соединяют разнонаправленные процессы: конвергенцию, дивергенцию, или поляризацию конституционно наблюдаемых моделей, которые «могут становится все более схожими или разнородными» [10, p. 1171].

Следовательно, формирование концепта, а также теории «цифровой конституционализм» находится под воздействием процессов конституционной глобализации (и, в частности, попыток создать конституцию Интернета), и процессов конституционной автономизации, которые связаны с сохранением и обеспечением государственного суверенитета в цифровой и информационной среде, ограничением использования цифровых технологий для целей конституционных коммуникаций.

Таким образом, можно обозначить несколько важнейших сфер формирования цифрового конституционализма в перспективе четвертой промышленной революции и развитии информационного общества:

1) сфера конституционной коммуникации на общенациональном уровне и использование цифровых и информационных технологий для обсуждения, принятия и мониторинга конституционных поправок и конституционных изменений;

2) сфера развития цифровых конституционных прав и цифровых прав в публичной сфере для более активного вовлечения граждан в участие в государственном управлении;

3) сфера предоставления государственных услуг с использованием цифровых и информационных технологий;

4) сфера конституционных инициатив граждан, их объединений с применением цифровых и информационных технологий и институтов делиберативной демократии;

5) сфера формирования цифрового профиля гражданина и защита персональных данных.

Цифровой конституционализм благодаря возможностям цифровых и информационных технологий имеет перспективу превращения в сетевой

конституционализм (с национальными, интеграционными и международными сферами действия и ограничениями), в котором применяется в определенной последовательности принцип гетерархии.

Данный принцип сопричастен понятию «гетерархия ценностей»; данное понятие «гетерархия ценностей» было введено в работе нейропсихолога и кибернетика Уоррена Мак-Каллока «Гетерархия ценностей, обусловленная топологией нервных сетей» в 1945 году [12, p. 42].

Цифровой конституционализм соединяет принцип гетерархии в информационной сфере и дополняет представления об иерархическом порядке в классическом юридическом конституционализме, благодаря чему увеличивается и сфера охвата конституционной коммуникацией различных сегментов общества и повышается степень вовлечение граждан и их объединений в среду конституционной коммуникации.

Список использованной литературы:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2017 года № 407 «Об утверждении Концепции кибербезопасности («Киберщит Казахстана»)». [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000407

2. Ерболатов Е. Е. Новый формат использования и защиты персональных данных в условиях бесконтактного мира // «Жаңа Қазақстан: мемлекет жүйесінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік дамуының өзекті тенденциялары»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары – Павлодар: Торайғыров университеті, 2023. – 600 б.

3. Карцхия А. А. Цифровая трансформация и права человека // Русская политология — Russian political science, - 2018. № 4 (9).

4. Soh Ch., Connolly D. New Frontiers of Profit and Risk: The Fourth Industrial Revolution's Impact on Business and Human Rights, New Political Economy. 2020, 05 Feb. DOI: 10.1080/13563467.2020.1723514. [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://humanasia.org/wp-content/uploads/2020/02/New-Frontiers-of-Profit-and-Risk-The-Fourth-Industrial-Revolution-s-Impact-on-Business-and-Human-Rights-1.pdf?ckattempt=1

5. Jawad M., Naz M., Maroof Z. Era of digital revolution: Digital entrepreneurship and digital transformation in emerging economies. BusStrat Dev. 2020. [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://doi.org/10.1002/bsd2.145

6. Biber K. Dignity in the digital age: Broadcasting the Oscar Pistorius trial. Crime, Media, Culture. 2019, Vol. 15 (3). DOI:10.1177/1741659018780191.

7. Саурин А.А. Цифровизация как фактор трансформации права // Конституционное и муниципальное право. – 2019. № 8. – С. 26–31.

8. Кравец И.А. Цифровой конституционализм и будущее информационного общества (в контексте глобализации и интеграционных процессов) // Право и государство. – 2020. – № 3-4. – С. 85-104. DOI:

10.51634/2307-5201_2020_34_85. [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://km.kazguu.kz/uploads/files/5%20%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F%20-%20%D0%9A%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B5%D1%86.pdf

9. Bui, Son N. Globalization of Constitutional Identity // Washington International Law Journal. 2017. Vol. 26(3). – Pp. 463–533.

10. O'Riordan, Tim. (ed.) Globalism, Localism and Identity. Fresh Perspectives on the Transition to Sustainability. London and Sterling, VA: Earthscan Publications, – 2001.

11. Law, David S., Versteeg, Mila. The Evolution and Ideology of Global Constitutionalism // California Law Review. – 2011. – Vol. 99 (5).

12. McCulloch, Warren S. A Heterarchy of Values Determined by the Topology of Nervous Nets // Warren S. McCulloch, Michael A. Arbib, Jerome Y. Lettvin, Seymour A. Papert. Embodiments of Mind. Cambridge, Massachusetts; London, England: The MITPress, 2016. – P. 39–45. (488 pp.)

Дюсембаева Алия Маратқызы
Қонаев университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НОРМАЛАР МЕН СТАНДАРТТАР

Адамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық нормалар мен стандарттарды орындау немесе жүзеге асыру құқықтардың осы тобын мемлекетішілік заңнамада бекітуге халықаралық құқықтың әсер етуімен тығыз байланысты. Тәуелсіз құқықтық жүйелер бола отырып, халықаралық және ұлттық құқық бір-біріне әртүрлі әсер етеді. Мемлекетішілік құқық, заң немесе кез-келген мемлекеттің басқа құқықтық актісі ешқашан халықаралық құқықтың тікелей қайнар көзі бола алмайды [1].

Халықаралық құқықты дамытудың ерекшелігі - оның нормалары әртүрлі мемлекеттердің ұстанымдарымен келісу арқылы жасалады. Бірде-бір мемлекет, оның әлемдегі ықпалына қарамастан, халықаралық құқық нормаларын дербес құра алмайды немесе өз заңнамасын халықаралық қоғамдастыққа жүктей алмайды [2].

Халықаралық құқық әртүрлі мемлекеттердің заңдарына басқаша әсер етеді. Мемлекетаралық қатынастарды дамыту үдерісіндегі бұл ықпал ету өзгеріссіз қалмайды. Егер дамудың алғашқы кезеңдерінде халықаралық құқық халықаралық қоғамдастыққа қатысушы мемлекеттердің заңнамасына жанама әсер еткен болса, қазіргі уақытта халықаралық шарт пен халықаралық әдет-

ғұрып мемлекетішілік құқықтың тікелей қайнар көздеріне айналды.

Көптеген елдерде халықаралық шарттар мемлекетішілік құқықтың интегралды бөлігі немесе оның жоғары заңдары деп жарияланады (АҚШ Конституциясының 6-бабы, 1976 жылғы Греция Конституциясының 28-бабы, 1978 жылғы Испания Конституциясының 96-бабы) немесе мемлекетішілік заңдардың нормаларынан басым деп жарияланады (1958 жылғы Франция Конституциясының 55-бабы, 1983 жылғы Нидерланды Конституциясының 94-бабы, 15-бабы Ресей Федерациясының Конституциясы 1993 ж.). Көптеген елдердің сот тәжірибесінде халықаралық шарттар ғана емес, сонымен қатар құқық көздері ретінде әдеттегі нормалар қолданылады, оларға нақты дауларды шешуде сілтемелер жасалады. Бұл елдер халықаралық әдет-ғұрып құқығын өз құқығының бөлігі ретінде қарастырады. 1900 жылы АҚШ Жоғарғы Соты «Хабан пакеті» деп танылған шешімде тиісті халықаралық заңнамалық актілер болмаған жағдайда, сот шешімдері әдеттегі халықаралық құқық негізінде шығарылуы керек деп мәлімдеді. Бұл тәжірибе АҚШ, Ұлыбритания және басқа да бірқатар елдерде кеңінен қолданылады.

Қазақстанның салалық заңнамасы көптеген жылдар бойы халықаралық құқықты ішкі құқықтың қайнар көзі және оның ішкі заңдардан басымдығын ресми түрде мойындайды. Халықаралық құқықтың мемлекетішілік құқықтың әртүрлі салаларына әсері сан алуан. Бұл мәселен, жер немесе кәсіпкерлік құқыққа қатысты, аса маңызды емес, бірақ мемлекет заңнамасына халықаралық құқықтық қағидалар мен адам құқықтарына қатысты нормалардың әсерін асыра бағалау қиын.

Бұл түрғыда адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын айтуға болады. 1948 жылы барлық халықтар мен барлық мемлекеттер қол жеткізуге ұмтылатын стандарт ретінде қабылданған, ол бүгінде құқықтың негізгі көздерінің бірі болып табылады, көптеген елдер Конституцияның жекелеген ережелерін, адам құқықтарына қатысты әртүрлі заңдар мен құжаттарды әзірлеу үшін кеңінен қолданылатын үлгі ретінде қызмет етеді. Бельгия, Нидерланды, Үндістан, Италия, АҚШ, Шри-Ланка сияқты елдерде Декларация ережелері адам құқықтарына қатысты мемлекетішілік заңдарды түсіндіру үшін кеңінен қолданылады. Оларға осы елдердің соттары үнемі сілтеме жасайды. ҚР Конституциялық Кеңесінің бірқатар қаулыларында шығарылған шешімдердің негіздемесінде адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сілтемелер бар.

Көптеген мемлекеттер декларацияны халықаралық құқықтың әдеттегі нормаларын қамтитын құжат ретінде қарастырады, олардың басым көпшілігі «jus cogens» болды. Декларацияны мұндай түсіну әсіресе бірқатар елдердің (Қытай, Куба, Индонезия, Сауд Арабиясы және т.б.) азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің де, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пактінің де қатысушылары болмауына байланысты орын алады. Олар адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының ережелерін басшылыққа алуға міндетті [3].

Адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдер негізінде құрылған

конвенциялық органдар өздері ратификациялаған шарттарды имплементациялау барысы туралы мемлекеттердің баяндамаларын қарау кезінде қатысушы елдердің қандай да бір заңнамалық шараларды қабылдау қажеттілігі туралы көптеген ұсынымдар енгізеді. Осы ұсынымдардың негізінде мемлекеттер нақты заңнамалық актілерді қабылдайды және өз заңнамаларын өзіне алған халықаралық міндеттемелерге сәйкес келтіреді. Тіпті олардың ешбір заңнамалық шара қолданбайтындары да конвенциялық органдарға жасаған баяндамаларында осы саладағы істердің жай-күйін көркейтуге және елдің заңдары халықаралық нормаларға сәйкес келетіндігін көрсетуге тырысады. Айталық, Кеңес Одағы адам құқықтары туралы Пактілерді және басқа да көптеген халықаралық келісімдерді ратификациялағаннан кейін осылай әрекет етті. КСРО ыдырағаннан кейін ғана ТМД елдерінде заңнаманы адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдерге сәйкес келтіру үшін шаралар қолданыла бастады [4].

Көбінесе, конвенциялық органдар жеке тұлғалардың шағымдарын қарастыра отырып, өз ұсынымдарында тиісті мемлекеттерге олардың өз заңнамаларын емес, халықаралық келісімдердің нақты баптарын бұзуына сілтеме жасайды. Осылайша, бұл органдар тиісті халықаралық келісімдерді мемлекетішілік заңнан басым құқықтың мемлекеттік емес көздері ретінде қарастырады. Мұндай түсінікті БҰҰ-на мүше көптеген мемлекеттер бөліседі. Мәселен, Норвегияның адам құқықтары комитетіне азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіде мойындалған құқықтарды іске асыру бойынша қабылдаған шаралары туралы баяндамаларының бірінде бұл халықаралық шарт «шынымен де норвегиялық құқық нормаларын түсіндіру мен қолдануда маңызды болып табылатын құқықтың тиісті көзі болып табылады» делінген.

Халықаралық-құқықтық актілердің Қазақстан заңнамасына әсері ерекше өсті. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы Декларация адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Адам құқықтары туралы пактілердің көптеген ережелерін қамтыды. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы декларацияның мәтіні 1993 жылғы Конституцияға енгізілмегенімен, оның көптеген ережелері декларация мен негізгі халықаралық құжаттардың әсерінен қайта құрылды және түбегейлі өзгертілді.

Конституцияда жаңартылған тұлға мәртебесі адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекет береді деген бұрынғы идеяны құптамайды. Елдің Негізгі Заңы адамның туғаннан бастап оған тиесілі құқықтары мен бостандықтарының қоғамдық сипатын тануға негізделген. Құқықтар мен бостандықтардың тізімі кеңейіп, олардың сапалық мазмұны өзгерді. Жоғарыда айтылғандай, халықаралық нормалардың Қазақстан Республикасының заңы алдындағы басымдығы туралы ереже алғаш рет енгізілді. Бұл ретте олардың Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің бөлігі болып табылатындығы туралы ереже ерекше қағидатты маңызға ие. Конституцияның бірқатар баптары негізінен адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен адам құқықтары туралы пактілердің ережелерін қайталайды. Бұл, әсіресе, елдің

